

ALKALOID КОМПАНИЯСЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ (IMS) БОЙЫНША САЯСАТЫ

Alkaloid компаниясының Интеграцияланған басқару жүйесі бойынша саясаты жаһандық саясат, стратегия, ұйым контексті және корпоративтік мақсаттар аясында функционалдық маңызға ие және ұлттық және халықаралық заңнамалардың, cGxP талаптарының, сондай-ақ ISO 9001, ISO 14001, ISO 13485, ISO 45001, HACCP, FSSC 22000 және ISO 22716 халықаралық стандарттарының (қажетті жағдайларда) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Интеграцияланған басқару жүйесі (IMS) саласындағы жаһандық міндеттемелер және тиісті талаптарды орындау міндеттемесі Интеграцияланған менеджмент жүйесі саясатының негізгі қағидаттарына негізделген:

- Ⓐ Талаптарды ұстана отырып, даму, өндіру, қаптау, бақылау, сақтау және нарыққа сапалы, тиімді әрі қауіпсіз өнімдер мен қызметтерді ұсыну барысында біздің тұтынушылар мен қызметкерлердің қажеттіліктерін ескеріп, олардың мүдделерін қанағаттандыру – басты қағидаттарымыздың бірі. Қоршаған ортаны қорғау, кәсіби денсаулық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайларын жасай отырып, ALKALOID компаниясының сауда белгісі сенімділіктің және жоғары қауіпсіздік стандарттарының символына айналды.
- Ⓐ IMS жүйесіне жауапты басшылықтың айқын көзқарасы, көшбасшылығы және өз ісіне шынайы адалдығы технологиялық әдістерді қолдану, мақсаттарға қол жеткізу жолында дәлелді шешімдер қабылдау, тәуекелдерді төмендету және жою, бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз ету, тәуекелдерді тиімді басқару, сондай-ақ жеткізушілермен және дистрибьюторлық желілермен сенімді серіктестік қатынастарды орнату арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қызметкерлер мен олардың өкілдерін ақпараттандыру, кеңес беру және оларды үдерістерге тарту — тұтынушылардың, серіктестердің, қызметкерлер мен акционерлердің мүдделерін қанағаттандырып, Alkaloid компаниясының IMS жүйесін жетілдіруге бағытталған басты мақсатымыз.
- Ⓐ Интеграцияланған басқару жүйесі саясаты және үздіксіз жетілдіруге ұмтылыс ұйымның жоғары деңгейдегі саналы әрекеті мен әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз етеді.
- Ⓐ Табиғаттың ең құнды сыйы – ДЕНСАУЛЫҚТЫ қорғау және сақтау жолындағы ұдайы шабыт пен талпыныс – БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ!

Скопье, 14.02.2023 жыл

Бас директор

Живко Мукаетов

